

"Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды, хабарларды және өзге де ақпаратты қарау туралы" есеп нысанын, оны қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2026 жылғы 9 сәуірдегі № 57 бұйрығы "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 9-бабының 22) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 563 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы туралы Ереженің 19-тармағының 37) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мынадай:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес "Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды, хабарларды және өзге де ақпаратты қарау туралы" есеп нысаны;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес "Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды, хабарларды және өзге де ақпараттарды қарау туралы" есепті қалыптастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне электрондық түрде ресми жариялауға жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты құқықтық статистика және арнайы есепке алу мүдделі субъектілеріне, сондай-ақ Комитеттің аумақтық және оларға теңестірілген органдарына орындау үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет төрағасына жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін Нұсқаулықтың 6 және 7-тармақтарын, есептің 21-жолын қоспағанда, оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді .

2026 жылғы 12 шілдеге дейін Нұсқаулықтың 6 және 7-тармақтарының, есептің 21-жолының күші тоқтатыла тұру кезеңінде осы құрылымдық элементтердің мынадай редакцияда қолданылатынын белгілей отырып, тоқтатыла тұрсын:

1-жолдан:	лауазымды адамның хабарламасы	4				
	кінәсін мойындап келу	5				
	бұқаралық ақпарат құралдарында және онлайн платформалар да хабар	6				
	лауазымды адамның баянаты	7				
	Жедел басқарма орталығының хабары	8				
	8-бағаннан: алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияла ры бойынша деректер алмасу орталығынан (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің антифрод-орт алығы) хабарламалар	9				
	анықталмаған адамның арызы	10				
	лауазымды адамның бастамашылы қ баянаты (жедел іздістіру іс-шарасы барысында қызметкерлер анықтаған)	11				
	Бұдан бұрын ҚР ҚПК 181- бабының бесінші					

бөлігінің тәртібінде, уәкілетті мемлекеттік органнан келіп түскен	12				
Отбасы-тұрмыстық саладағы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар, хабарлардың және өзге де ақпараттардың саны	13				
Салықтық тексеріс шеңберінде қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздардың, хабарлардың және өзге де ақпараттардың саны	14				
Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздардың, хабарлардың және өзге де ақпараттардың саны	15				
Отбасына және кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздардың, хабарлардың және өзге де ақпараттардың саны	16				
Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздардың, хабарлардың және өзге де ақпараттардың саны	17				
Бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздардың, хабарлардың және өзге де ақпараттардың саны	18				
Мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы	19				

арыздардың, хабарлардың және өзге де ақпараттардың саны					
Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздардың, хабарлардың және өзге де ақпараттардың саны	20				
Цифрландыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздардың, хабарлардың және өзге де ақпараттардың саны	21				
Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздардың, хабарлардың және өзге де ақпараттардың саны	22				
Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қайшы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздардың, хабарлардың және өзге де ақпараттардың саны	23				
Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздардың, хабарлардың және өзге де ақпараттардың саны	24				
Халық денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздардың, хабарлардың және өзге де ақпараттардың саны	25				
Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздардың, хабарлардың және өзге де ақпараттардың саны	26				
Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы	27				

арыздардың, хабарлардың және өзге де ақпараттардың саны					
Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздардың, хабарлардың және өзге де ақпараттардың саны	28				
Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздардың, хабарлардың және өзге де ақпараттардың саны	29				
Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздардың, хабарлардың және өзге де ақпараттардың саны	30				
Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне, конституциялық іс жүргізуге қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздардың, хабарлардың және өзге де ақпараттардың саны	31				
Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар, хабарлар және өзге де ақпараттар саны	32				
Азаптауларға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар және хабарлардың саны	33				
Адам саудасы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар және хабарлардың саны	34				

кестенің жалғасы

олардың ішінде:					
Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді		Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің	кінәлі адамды әкімшілік немесе тәртіптік (жауаптылыққа		

ң бірыңғай тізілімінде (бұдан әрі – СДТБТ) арыздарды және хабарламаларды тіркеу туралы	қараусыз (қалдырылған және номенклатуралық істе сақталған)	бұдан әрі – ҚР ҚПК) 181-бабының бесінші бөлігіне сәйкес, уәкілетті мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға жіберілген	тарту туралы мәселелерді қарау құзыретіне кіретін уәкілетті органға (лауазымды адамға) жолданған	Ақпаратты есепке алу кітабына қоса біріктірілген	СДТБТ-ға қоса тіркелген
5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы

олардың ішінде:			қарау мерзімдері				оның ішінде	Есептен жасырынған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды, хабарламаларды және өзге ақпараттардың анықталған барлық саны
Жеке тәртіпте қарау үшін сотқа жолданған	ҚР ҚПК 181-бабының үшінші бөлігінің талаптарына сәйкес келтіру үшін қайтарылды	аумақтылық, ведомствалық бойынша берілген	Шешім 24 сағат ішінде қабылданған	Шешім тәуліктік мерзімді бұзып қабылданған	Шешімдер қабылданбаған	мерзімдері өткен		
11	12	13	14	15	16	17	18	19

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2026 жылғы 9 сәуірдегі
№ 57 бұйрығына 2-қосымша

"Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды, хабарларды және өзге де ақпаратты қарау туралы" есепті қалыптастыру жөніндегі нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды, хабарларды және өзге де ақпаратты қарау туралы" есепті қалыптастыру жөніндегі нұсқаулық қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар, хабарлар және өзге де ақпарат туралы есепті қалыптастырудың негізгі ережелерін анықтайды (бұдан әрі – есеп).

2. Есептің мақсаты есептің субъектілеріне келіп түсетін қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы Ақпараттарды есепке алу кітабында (бұдан әрі – АЕК) тіркелген арыздардың, хабарлардың және өзге де ақпараттың мазмұнын сипаттайтын құқықтық статистикалық ақпаратты және оларды қарау нәтижелерін, олар бойынша қабылданған

шешімдердің мерзімдері мен негізділігін есепке алудан, жинақтаудан және жүйелеуден тұрады.

3. Есептің субъектілері "Құқық қорғау қызметі туралы" және "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген мемлекеттік органдары (бұдан әрі – құқықтық статистика субъектілері) болып табылады.

4. Есеп Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9744 болып тіркелген) Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарларды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларының 1-қосымшасына сәйкес (бұдан әрі – Қағидалар) К-1 "АЕК-ке есепке алу" және Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес К-2 "АЕК бойынша шешім" нысандарының (бұдан әрі – нысандар) негізінде қалыптастырылады.

5. Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды және өзге де ақпаратты қабылдау және тіркеу тәртібі Қағидалармен регламенттелген.

6. Есеп республика бойынша, өңірлер бойынша, әрбір құқықтық статистика субъектісі бойынша жиынтық есептен тұрады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық және оларға теңестірілген органдарының бастықтары Комитеттің цифрлық жүйелеріне келіп түсетін мәліметтердің дұрыстығын қамтамасыз етеді.

2-тарау. Есепті қалыптастыру мерзімдері

7. Есеп ай сайын үдемелі қорытындымен Комитеттің орталық аппаратында автоматтандырылған режимде қалыптастырылады.

Нысандарды Комитеттің цифрлық жүйелеріне соңғы рет есепті кезеңнің соңғы күнінде 00:00 сағатқа дейін (Астана қаласының уақыты бойынша) жүктегеннен кейін белгілі бір уақыт аралығында қалыптастырылған (статистикалық кесім) есепті есептеу жүргізіледі.

Белгілі бір уақыт аралығында қалыптастырылған (статистикалық кесім), бекітілген есепке кез-келген түзетулер енгізуге тыйым салынады.

8. Комитет есепті электрондық форматта құқықтық статистика субъектілерінің және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құрылымдық бөлімшелерінің ресми электрондық мекенжайларына есепті кезеңнен кейінгі айдың 4-күніне орай жібереді.

Егер мерзімнің аяқталуы жұмыс күніне тура келмесе (демалыс, мереке), онда одан кейінгі бірінші жұмыс күні мерзімнің соңғы күні болып есептеледі

3-тарау. Есепті құрылымы және қалыптастыру тәртібі

9. Есеп құқықтық статистика субъектілері тіркеген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар, хабарлар және өзге де ақпараттар, сондай-ақ, есептік кезеңнің басы мен соңында шешімдер қабылданбаған, оларды қарау мерзімдері туралы мәліметтерді көрсетеді.

10. 1-бағанда есептік жылдың басындағы шешімдері қабылданбаған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы қаралмаған арыздардың, хабарлардың және өзге де ақпараттың қалдығы ұлғаю қорытындысымен көрсетіледі.

11. 2-бағанда АЕК-да есептік кезеңде тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздардың, хабарлардың және өзге де ақпараттың саны көрсетіледі.

12. Есептік жылдың басындағы қаралмаған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар, хабарлар және өзге де ақпараттар көрсеткіштерінің мөлшері (1-баған) және есептік кезеңде тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар, хабарлар және өзге де ақпараттар саны (2-баған) қабылданған шешімдер жөніндегі көрсеткіштер сомасына тең болуы тиіс.

3-бағанда берілгендер арасынан АЕК-да қабылданған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар, хабарлар және өзге де ақпараттардың саны көрсетіледі.

13. 4-бағанда құқықтық статистика субъектілері шешім қабылдаған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар, хабарлар және өзге де ақпараттар есепке алынады.

14. 5-бағанда қабылданған шешімдердің жалпы санынан Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар, хабарлардың және өзге де ақпараттардың саны көрсетіледі.

15. 6-бағанда номенклатуралық іске шығару туралы қабылданған шешімдермен расталмаған ақпарат есепке алынады, ол кейіннен номенклатуралық істе (нарядта) сақталады (4-бағанның көрсеткішінен).

16. 7-бағанда Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚПК) 181-бабының бесінші бөлігінде көзделген тәртіппен шешім қабылданған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар, хабарлар және өзге де ақпарат көрсетіледі.

17. 8-бағанда ҚР ҚПК-нің 179-бабының төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен шешімдер қабылданған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар, хабарлар және өзге де ақпарат көрсетіледі.

18. 9, 10-бағандарда бағанда бір факті бойынша АЕК, СДТБТ-да бұдан бұрын тіркелгенге қоса біріктірілген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар, хабарлар және өзге де ақпараттар есепке алынады.

Бұл ретте, олар бойынша қабылданған процестік шешімдер есепке алынбайды.

19. 11-бағанда сотқа жеке тәртіппен жіберілген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар, хабарлар және өзге де ақпарат көрсетіледі.

20. 12-бағанда ҚР ҚПК-нің 181-бабының үшінші бөлігінің талаптарына сәйкес келтіру үшін қайтарылған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар, хабарлар және өзге де ақпарат көрсетіледі.

21. 13-бағанда аумақтық немесе ведомстволық бағыныстылығы бойынша жіберілген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар, хабарлар және өзге де ақпарат туралы мәліметтер қамтылады.

22. 14-17-бағандарда құқық бұзушылық туралы арыздарды, хабарларды және өзге де ақпаратты қарау мерзімдері туралы мәліметтер көрсетіледі.

23. 18-бағандарда аумақтылығы бойынша жіберілген, олар бойынша шешім қабылданбаған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар, хабарлар және өзге де ақпарат туралы мәліметтер көрсетіледі.

24. 19-бағанында тіркеуден жасырынған, бірақ нәтижесінде анықталған және тиісті түрде тіркелген құқық бұзушылықтар туралы арыздардың, хабарлардың және өзге де ақпараттардың саны көрсетіледі. Жасырын қалған құқық бұзушылықтар туралы арыздар, хабарлар, және өзге де ақпарат есепке алынады және есепке алу-тіркеу тәртіп бұзушылығы анықталған құқықтық статистика субъектісінің бөлімшесінің есебіне тіркеуге жатады.

25. 1-жолда есептік кезеңде келіп түскен қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздардың, хабарлардың және өзге де ақпараттың жалпы саны көрсетіледі.

26. 2 – 12 жолдарда ҚР ҚПК-нің 180-бабына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға себеп болған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар, хабарлар және өзге де ақпараттар есепке алынады.

27. 13-жолда отбасылық-тұрмыстық саладағы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздардың, хабарлардың және өзге де ақпараттардың саны туралы мәліметтер көрсетіледі.

28. 14-жолда салықтық тексеру шеңберінде анықталған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар, хабарлар және өзге де ақпарат көрсетіледі.

29. 15 – 32 жолдарда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігінің тараулары бөлінісінде қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар, хабарлар және өзге де ақпараттардың саны туралы мәліметтер көрсетіледі.

30. 33-жолда адам саудасына байланысты, 34-жолда азаптаулар жасау туралы арыздар, хабарлар және өзге де ақпараттардың саны туралы мәліметтер көрсетіледі.